

Л 2005

5673к

Ф

ариза

О

Ғарсынова



Фариза
Онгарсынова

Фариза
Онгарсынова

Фариза Оңғарсынова

ҮШ ТОМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАР
ЖИНАҒЫ

Фариза Онғарсынова

ЕКІНШІ ТОМ



“Елорда”
Астана - 2004

ББК 84 Қаз 7-5
О 61

Оңғарсынова Ф.

О 61 *Өлеңдер, дастандар. II том.*
— Астана: Елорда, 2004. — 288 бет.

ISBN 9965-06-349-4

Қазақтың көрнекті ақыны, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Фариза Оңғарсынованың үш томдық шығармалар жинағының екінші кітабына халықтың ой-арманымен үндеу азаматтық жырлары мен дастандары енді.

О. $\frac{4702250202 - 286}{450(05) - 04}$

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-06-349-4

© Оңғарсынова Ф., 2004
© “Елорда”, 2004



Бәзілжан АСЫЛЖАНОВ

“МЕНДЕ БІР ТЕБІРЕНІС БАР”...
(Фариза Оңғарсынова жырлары хақында)

Ақын — оз заманының ар-ожданы, ол болашақ үшін өмір сүреді. Жеке-дара ақын жөнінде айту — сол халық мәдениетінің бір қыры, ұлттар әдебиетінің гүлденуі мен өзара жақындасу диалектикасынан туындаған болмыс шындығын тану деген сөз. Ал Фариза Оңғарсынова хақында айту — қазіргі жетістік — табысымыз бен ізденіс-барлауларды, әдебиет тарихы мен халқымыз, қала берді, әлемдік әдебиет пен адами коркемөнерді жете меңгерген жанның жүрдек жүрісі мен жүрек лүпіліне жете мән беру болып табылады. Қызу канды, албырт та адуын жыр иесі өзіндік ұтқырлығымен, ізденіс-талпыныстарымен барша жұртты, өлеңқұмар көпшілікті ризалық сезімге бөлеуде. Поэзия орбитасына алпысыншы жылдардың екінші жартысынан бері толастамай талпынып, кібіртіктемей өзгелермен жарысып, жарыса шауып бәйге алған, көпшілікті елсең еткізіп, кейбіреулерді қалың ойға қалдырған “Сандуғаш” туындысынан бастап, “Маңғыстау маржандары”, “Мазасыз шақ”, “Асау толқын”, “Жүрек күнделігі”, “Көгершіндерім”, “Мен сенің жүрегіндемін”, “Сенің махаббатың”, “Сұхбат”, “Дауа”, “Қыз—ғұмыр” кітаптары, “Шілде” және екі томдық таңдамалы — міне, ақынның оқырманды қуантар жинақтары. Сондай-ақ “Біздің Камшат” атты деректі повесіне, “Шашы ағарған қыз” прозалық жинағына үңіле қарасақ, көп нәрседен хабар берер дүниелер.

Қазіргі ғылыми техникалық революция заманында өнер адамына жеке-дара баға беру—оның өмірлік кредосы көзқарасын жете білу, еңбек әрекетінен туындаған мінез көріністері, қабілеті мен темпераментті туындыларын қадағалай оқу арқылы ғана анықталмақ. Фаризаның белсенді өмірлік поэзия-




сы, поэзия әлеміндегі ізденіс-толғаныстарымен, өсерлі тебіреністерімен, ақындық өнер жайлы қанатты ойларымен, жас ұрпақты адамгершілік рухта тәрбиелеу жолындағы еңбегімен қалың жұртшылықты сүйіндіріп келеді. Оның поэтикалық табыстары — өзіндік сонылығымен де, күрделілігімен де зерттеушілерге ой саларлық дүниелер. Жастарды адалдыққа баулуда сын-мақалаларымен де поэзия сырын дұрыс танып, ұғынуға тәрбиелеп те келеді десем, артық айтпаған болармын. Ақынның қоғамдық қызметтегі белсенді өмірлік поэзиясының келесі кырларының бірі — осы болса керек.

Мынау жердің үстінде
өділеттен жаралған жандар барда,
үміт барда талпынтқан таңдарға, алға,
досыңның түсін жылытып,
жауыңның мысын кұрытып
төгіледі арай жырлар,
шуағында толқиды ақ айдындар.

Әр тармағы Менделеевтаблицасының атомдық салмағы ең ауыр элементтеріндей көкірек-тыныс ортаңды қаусыра қарпып жұтындырып, жұтып қоятындай қадір-қасиетке толы осы бір жеті тармақты гекзаметрмен жазылған ерікті өлең қазақ топырағында өсіп-өрбіп келеді. Өлең формаларының әлгіндей күрделене түсіп, ұзын сонар тармақтардағы сырға толы келелі ойы адамзат атаулыға иіліп басшы болған елшілік қызметіндей жүк артады, сол жүкті өзі де көтерісуге тікелей араласады. Міне, әрдайым осылай. Фариза өлеңдеріндегі сонылығы сыры мен ізденіс бағыты да осында жатыр. Ақындар айтып жүрген келелі тарих, әлемдік бейбіт орбита тынысы, адамдар үні, сөзі, қарым-қатынас, Отан — ана болмысы, халық алдындағы сезім иірімдері, ана мен әке, достық, жолдастық, ағайын-туыстық, махаббат мәселелері қашаннан белгілі, қай ұрпаққа болса да үзілмей жалғасып, сабақтасып, ұштасып келе жатқан қажеттіліктердің поэтикалық шымыр жырлануы, осы жолдағы тебіреністері формалық жағынан әсте елеусіз қалмайды. Бұл — Фаризаға тән тебіреністі-ізденісті, анықтай түсуден туындайды.

Қазақ поэзиясы өмір сырын он бір буынды қара өлең, шалыс, еркін, кезекті, аралас, қосарлы ұйқас түрлерімен жырлауда айтарлықтай табыстарға жетіп келеді. Міне, осында



дай үрдіс өрлеу үстіндегі поэзиямызда он бір, жеті, сегіз, тоғыз, тіпті бес буынды өлең құрылысы өзара әдеби байланыс әсерінен, әсіресе он бір буынды өлең құрылысы елеулі өзгеріс-дамуға түсіп отыр. Ал Фариза қаламынан туған сан алуан ұйқас, өлең-жыр үлгілері мәдениеті өскен оқырман үшін ерінбей-жалықпай, асыл ойдан шарапат алуға шақырады. Осы арада В.Г.Белинскийдің мына бір сөзі еріксіз тілге тиек болады: "...сокровенные думы всего общества, его, быть может, еще неясного самому ему стремления. Другими словами: поэт должен выражать не частное и случайное, но общее и необходимое, которое дает колорит и смысл всей его эпохе". Осы тұрғыдан алғанда, айтылмыш ақын жырларының өлең құрылысы мен ою-өрнектеріндегі жаңалықтар тақырып шеңберінің ауқымдылығымен ұлғайтылып отырады да, нені айтса да, өзіне тән өткірлікпен өмірдегі қажеттілікті өсіре, келбеттендіре жеткізе алады, ара-тұра еріксіз сезім иірімінің шырмауына түсіп қалса, оны бытшыт қылып талқандап, әп-сәтте қалпына да келе қалады. Ақын сезімге — бай, ойға — дарқан. Ақын жырларында бәрі де бар: сүйгеніне ренжу, қайғы-мұңға бату, аласұрып маза-сыздану, талпыну мен қарману, іздеу, сүйгенін аңсау, өлең-жырдан дертке қуат алу... Осы орайда Фаризаның сөзімен айтқанда, "өнер де, өмірдің өзі сияқты, ылғи қуаныш пен шаттықтан тұрмайтыны белгілі". "Адам біткеннің бойынаң асқақтық, пәктік" аңсайды.

Ұқсандар, достар, егерде а(8)
осынау өрттей жырларым — б(8)
шаттанғандағы сырлы әнім: б(9)
өкінішім мен ұяттан в(8)
өртеңіп, өліп тұрғаным, б(8)
орындалмайтын арманға а(8)
құлашымды ессіз ұрғаным, —

деп "өмірге келіп кеткенінде, сенің, не мән бар, жүрегінде, елдің қалмасаң", "сыр ғой, ол жатқан тұңғиық", "өмірдің өзі — мұз айдын" екендігіне иландыра түседі.

Достарым менің жырларым — 8
құштарлық қысқан кеудемнен 8
бұрқырап жатқан бір жалын... 8²¹



болғысы келіп, үлкен азаматтық ой айтады. Өз сүйгенін міндет тұтар тірегі — “Олең деген — сол жігіт — білсең атын. Ерте-кеш болса да бір есітер ме екем!” деген — ақын музасының айнымас шыңы. Бірде ұяң, бірде тарпаң, бұйығы да кішіпейіл, адуын да шайпау мінезімен алдыңды сан орап өте береді, өте береді. Сен оған ренжімейсің. Қайта осы қылығын ұната түсесің.

Күлкімді, жайлы күнімді — а(8)
қуаныш, қайғы, мұңымды — а(8)
өзіммен бөліскенің үшін, — б(9)
азап пен жеңістерім үшін — б(9)
менің мынау қиындау тағдырым болып — в(12)
о баста көріскенің үшін — б(9)
мен сені аялаймын! — б(7)

Өлеңдік құрылысы өзіндік ғұмыр кешіп, оқырман қауымынан дұрыс баға алып, жұртшылық сенімін ақтап та, өткеріп те келе жатқан ақын шығармаларының әр бетін оқыған сайын әдебиет пен мәдениет жанашыры, кейінгі жас толқынға ақылшы, ұстаз ақын, өнегелі мақалаларымен танымал болып жүрген Фариза жоғарыдағы жеті тармаққа негізделген шумақты өлеңдерімен форма жағынан да, өзіндік ой саналылығымен (8-8-9-9-12-9-7) де белгілі боп жүр. “Мен секілді күн шуағын сүйетін достарыма тимесе екен бір адам”, “мүлгіген, меніреу тыныштығыңды талқан етуге ақ дауыл болып келемін”. Лирикалық кейіпкердің қуат-күші бойында, ол:

Дара күндерімнің, 6-а
нала түндерімнің 6-а
серігі болғаның үшін, 8-6
сенімі болғаның үшін 8-6
мен сені аялаймын! —

деп жырлаудан жалықпайды.

Ақынның бойына тән, ойына жат мінез-құлық сапаларын өткір тілмен түйреу жолында да формалық ізденіс бар.

Менің екі жауым бар:
мәңгілік достаспайтын,
қимастықпен жыласып қоштаспайтын,
кіріп келсе, жанарым мұң оранған
қуаныштан жарқ етіп от шашпайтын,

ол — адамдар шындыққа жүгінбейтін,
көлгірсіп күлімдейтін;
өзі істеген жауыздық, зұлымдықтан
қайғы шегіп, ішінен түңілмейтін.
Екіншісі — досымды жамандаған,
өсектерді өрбітіп сан арнадан
жүретіндер — қас жауым. Соларға мен
қаным талай қайнаған, алаңдағам.

Жырлау үлгісі термелеп айтып, дестелеп төгіп-төгіп жіберетін ежелгі халықтық дәстүрден аулақ кетпейтін, еркін өлеңнің ұзын тармақты формасы — оқырманынан үлкен жүректілікті қалайтын сырмінез туынды. Бәрі қазіргі қазақ поэзиясына жат емес, ауқымдылығы алымдылықты тілеп тұрған, байыппен оқымаған адамды сүріндіріп, көкейіне қона да бермеуі мүмкін. Жыр арнасы — халқымыздың ғасырлар бойы тірнектеп жинаған, коршілес ұлттар мәдениеті мен әдебиеті әсерінен толысып туған, әсер — үлгі. Мұндай жыр-үлгіден бойды аулақ салмай, оның табиғатын ұғынуға үңіле түсіп, тосырқамау қажет. Орыс поэзиясындағы силлаботоникалық, тоникалық үлгідегі аударма жолымен қазақ поэзиясына алпысыншы жылдардан бері көбірек қанатын жая бастады. Бұл ерекшелік әр ақында әркелкі бой көрсетіп, Фариза жырларында мол байқалып жүр. Ерікті өлеңдер формасы кей-кейде жыраулық дәстүрмен де қоян-қолтық қауышып, жаңа бір формаға кезіккендей де боласың. Мұндай құбылыс келелі ойға, күрделі мәселелер түйінін көкейге қонымды троп түрлерімен жеткізуге қажет. Сондықтан адамзаттың әлеуметтік, философиялық, мәдени поэзияны эпикалық шырқау биіктігіне, дәстүрлі канонда жырлау үлгісін ілгері дамытып отыр. Қазақ өлеңінің құбылыс пен ұйқас саласында да осы өзгерістер жүріп жатыр. Кешегі таптаурын жолмен жүре беру өскелең талапқа жауап беру емес. Қазіргі зерделі оқырман буын санының өлшеусіз ұлғайтылуына қарамай, сол өлеңнің интонациялық құрылысына мән бере оқуы жөн дейміз.

О, туған жер, кең пейіл, құшағың кең,
саған көңіл бұлқынар күш-ағынмен.
Сағынышымды қанат қып саған қарай
балапандай талпынып ұшамын мен,


дейді ақын.



Он бір буынды қара өлең ұйқасының бітім-болмысы ішкі ұйқастарының әсерлілігімен құнды. Ақын музасы алғашқы бір алқынбас арғымақ үнімен, дауылды да бұрқасынды, боранды жырларымен (“Бөйге алаңы секілді дүсірлеймін”) шабытқа шабыт қосады, кең қосіліп өзіне беймәлім тылсым дүниенің, адамдар әрекетінің, болмыстың түсініксіз қырларын ұғынуға талпынады, адам жанын біле түсуге ұмтылады. “Ақын болмысының, табиғатының әртүрлілігінен оның поэзиясындағы үні дараланады... Поэзия, адамды — дүниені тануға үйретеді... Оз жүрегіне үңілуге үйретеді. Поэзия — ақынның даралығы мен ерекшелігінің қорғанысы... Бүгінгі дәуірімізде поэзияда да толық мәніндегі тереңдік бар”, — дейді Фариза. Ақын шығармаларынан осыған тән даралықты танып-білуге де мүмкіндік аламыз: “Арғымақтары қайда екен бұ даланың”, “Мүлгіген, меңіреу тыныштығыңды талқан етуге ақ дауыл болып келем мен!” Буырқанып, бұрқанып, булығып тұрған ақын лебі өзінді ортеп жіберердей (“Жанарым талды-ау менің”) оттылықты сезінеміз, тұшына қабылдаймыз.

Мен даланың қызы едім,
жазықтығында жатпайтын көз ілер қара
(жазира менің жанымның өзі де дала).
Асқар көрмеген мен шіркін биік дегенді
олшеуші ем сонау аспанның өзімен ғана!..

Міне, осындай жырлары арқылы айтқанынан қайтпайтын қайсарлыққа жігерін жаныған ожет үнін айнытпай тануға болады. Сонау жылдары “Жұлдыз” журналының сырласу клубында ақынның “Өлең” атты туындысына талдау жасаған, баға берген он әдебиетші, ғалым, ақын, жазушы, зерттеушілер жауабының көпшілігі дерлік өлеңді ұнататындықтарын білдірген: “Өлеңге бағытталған арнауының нақтылығымен, мазмұнының өмірлік шындығымен, өлең құрылысының кейбір жаңалығымен, сөз тақтасының жатықтығымен ұнады” (академик М. Қаратаев), “Өлеңде” ең негізгі өзекті құбылыстарға назар аударғаны көңілге қонады” (М. Дүйсенов), “Өлең” өз сезім арнасын тапқан зерлі жырлар” (профессор Х. Әдібаев) т.б. осындай ой-пікір арнасынан Ф. Оңғарсынова жырларының ішкі лейтмотиві, негізгі кредосы анықталады:



Біреудің пасықтығынан,
біреудің жасып мұңынан,
жүрегім сыздаған кезде,
жаным мұздаған кезде мен сені саялаймын.
...Қоңілді, жайлы күнімді,
азапты, қайғы-мұңымды
өзіммен бөліскенің үшін,
қатем мен жеңістерім үшін,
менің мынау қиындау тағдырым болып
о баста көріскенің үшін,
Олең, мен сені аялап отем!

Өзіндік өзгеше даралығы айдан анық. “Мен, — дейді ақын, — өз өлеңдерімді кім болса да түсінеді деп ойламаймын және жұрттың баршасына түсінікті болуға тырыспаймын да. Поэзиядан жанына ләззат алатын, өлеңнің әр жолына үңіліп, жүрегіне ұнаған тіркес-шумақтарды рахаттана астын сызып тұрып оқитындарға өлеңім ұнайды деп сенемін. Ондайлар сан жағынан көп болмауы мүмкін. Бірақ, сол аз ғана топтың көңілінен шықсам өкінбеймін” (Фариза). Ақын шығармалары өз оқушысын тапқан, өйткені ол үнемі осымен сырласу үстінде ғой. Иә, жүректен шыққан сөз жүрекке жол табады.

Менде бір толғаныс бар
(кейде өзім де түсінбеймін),
дауыл күнгі дарияның күшіндей бір.
Сонау біздің қырдағы тұяқ тілген
бәйге алаңы секілді дүсірлеймін.
Өзім сонда тұтас бір ғасырдаймын:
жүргендеймін жарқылдап қасында Айдың.
Марғау бейжай дүниені сілкіндіріп
бір таң қылмай мен, сірә, басылмаймын.
(7-9-12-11-12-11-12-12-11)

Ақындық жыр пафосы — туған ел, адамгершілік пен адалдықтың нұрлы сәулесі, қуат-күші. Оны ақын “бұл тірлікте жарқ еткен жақсылықтың барлығын да құшамын ғашық жанмен”, — деп жеткізе жырлайды.


Шабыт пен пафос бір ұғым емес. Пафос шабытпен аралас жүрсе, шабыт — жеке-дара сыры бар құбылыс. Ақын шабыт сезім тебіреністерінің толқынын жеткізуде анық танылып жүр. Сондықтан да:

Менде бір тебіреніс бар
(кейде өзім де түсінбеймін)
дәл сендегі күштарлық күшіндей бір.
Сондықтан ба — қыз ғұмыр бұл өмірді
қуаныш-қайғысымен ішіп-жеймін.
Осы сезім алаулап бойда тұрса,
асылы кішірмеймін.

Ақында әлі де айтылмаған сыр да, жазылмаған жыр да көп. Соның бәрінің орталық алтын діңгегі, асыл ойы — әділдік пен шыншылдық, адамгершілік парасатында. Қоғамдық болмыс сыры, ондағы адамдар тірлігі, жақсылыққа бағытталған шарапатты ойлары ақынды ойлантпай-толғатпай тұра алмайды.

Фариза ақын өлеңдерінің ажары — ағынан жарылған азамат жанның сүйгеніне деген ақ махаббаты, ыстық жүрегі. “Адам деген күрделі жаратылыс қой. Оның ішінде әйел халқының жан дүниесі — өз алдына бір әлем. Мен өз жырларымда сол әйел жанының сан күйін, мүмкіндігім жеткенше, жеткізгім келеді. Менің бұл тақырыптағы лирикалық кейіпкерлерім — әйелдер; олардың тағдыры, жан дүниесі, күлкісі мен көз жасы — өлеңдерімнің арқауы” — дейді Фариза. Десе, дегендей. Осы сезім алауы боз-баяғы белгілі, үйреншікті шумақтарды оқудан гөрі, өзгене, ойы да соны, өткір, уақытты жыр маржандарына кезіктіреді. Оның осы ой-пікірі қарақан басының тіршілік қамы емес — адамзат атаулыға ортақ, әлеуметтік мәні бар, мағыналы ойлар, биік межелі адамгершілік мұраттарын паш етуде жатыр.

Ақын жырында әйелдер бейнесінің көңіл-күйі әлем тапырық боранды сезім болып айтылады, тек, жай ғана айтылу емес — қазіргі замана талабының биік өресіне лайықтап айту — Фариза туындыларының бір қыры. Әйелдер жан-дүниесіне барлау жасауда он бір буынды ерікті өлеңді алуан түрлі формада құбылту, тек, Фариза творчествосының ғана еншісіне тиіп отырған жоқ. Профессор З.Ахметов айтқандай, “Өлең құрылысының тіл табиғатына сәйкес болуы — оның үнемі дамып, жетіле түсіп, байып отыратындығының кепілі”. Осы үлгіде жырлау Д.Әбілов, С.Сәрсенбаев, Қ.Бекхожин, М.Мақатаев, Ж.Нәжімеденов, Ф.Оңғарсынова т.б. көптеген ақындарымызда бар. Ерікті өлең формасының алуан түрлі қолданылуы Фариза жырларының ерекшелігінен хабар бермек.




Синтетикалық құбылыс өлең формасы мен мазмұнында көп байқалады. Ақын жырларының өзіндік ерекшелігі де, өзі айтқандай, қалың көпшілікке, әуелгі кезде ерсілеу көрінуі — байыппен оқыған мәдениетті оқырманға білінбейді. Өйткені мұнда мәдени өсуіміздің кемел шағы, орыс поэзиясындағы өлең құрылысының (белый, свободный, александрийские стихи) там-тұмдап ене бастауы, әлемдік поэзияның синтетикалық тұтастығы, ілгері басудың ізденіс іздері бар.

Өлең құрылысындағы формалық іздену мен ой-пікір іждаһаттылығы творчестволық идеялылықты анықтауда, ең әуелі, тіл табиғатына, интеллектілік сапаға қатысты барлығын айтуымыз орынды. Ақын жырларында кездесетін алты тармақты (“Таң”) еркін өлең, үш (“Буынымды босатып”), он бір буынды (“Туған ел”) жыраулық дәстүрдің жаңа варианты мен оны, он төрт, он бес, сегіз-тоғыз тармақты ерікті өлең ұйқастары көдуілгі жеті-сегіз буынды жыр үлгілері боп келеді. Буын әр тармақта өскен сайын ой-пікір қоюлығы гекзаметрлі негізге сәйкес болып отырады. Алты, жеті, сегіз, тоғыз, он бір — он бес буынға дейін тармақ ырғағы артып, буын санының қалыпты нормадан шығып кетуі интонациялық екпін басым болғанда қолданылады. Сондай-ақ, екі тармақты александрлық өлең үлгілерінің он бір — он екі буын болып келуі де байқалады.

О, туған жер,
мен өзіңсіз қанатсыз, тұғырсызбын.
Сен болмасаң сөнемін — ғұмырсызбын;
маған — сенің сезімің қуат, серік.
Саған — менің сезімім шуақ беріп —
демімізден мөп-молдір нұрды жұтып,
тірліктегі азап пен мұңды ұмытып
қос махаббат алауы жер үстінде
бұрқасынды өмірді түр жылытып.

Сезім мен ой бірлестігі сақталынып, бүтіндей бір тұтасқан керуен сымбатындай жарасымдылық: буын саны — 4-7-7-7; 11-4-11-7-7-11-7-11-11-12-7-7-4-12 тармақтардағы ойдың, әуелгі синтетикалық бітімімен аналитикалық ұғымдар, пайымдаулар бірінен-бірі туындап, оқырман қолына қасиетті таяқша ұстатқандай, сіз бас алмай оқи бересіз, ой тереңдігіне сеніміңіз артады. Көңіл-күйі философиялық мән-




ге ие болып, бойынды кернеген ыстық қайрат, нұрлы ақыл, ми-сананды жайлап алып, жегідей жеп, шарықтатады. Қалай десек те үзілмей, толастамай келе жатқан халықтың жыр үлгісі, дәстүр бедерлері жалықпас ізденімпаздық онегесін паш етіп, ақын шабыты сені терең ойлылыққа шақырады, тынымсыз еңбекпен ғұмыр сүру бақытын алдыға тартады. Мейлі, ол жесір қалып зарламасын, қайыршылықпен ел кезбесін, еңбекпен ғана бақыт көзін табады, шынайы романтикалық сезімдерге бара алады. Ақынның лирикалық кейіпкері ешкімге ұқсағысы келмейді: күрсінеді, ойлайды, күлімдейді, ойланады, асығады, мазасызданады — талпынумен үнемі күн кешеді.

Қазіргі қазақ поэзиясында тіл мен мазмұн тұтастығы поэтика сырын дәл тануға, халықтық тіл арналары соқпағымен тәрбиелік тағлымдық мәселе ерекшелігіне үңіле қарауды алға қояды. Фариза өлеңдеріне тән айтылмыш ерекшелік ішінде, интонациялық екпін мәселесі басты орын алады.

Сені іздедім /теңселіп/
бұл жалғанда /маған/ жалғыз/ жел—серік.
Менің мынау /қасіретімді/ жан емес//
көрмеген де /болар қара/ жер шегіп//
Сенің денсең /от мүлдем //

Он бір буынды өлеңнің бірінші, бесінші тармақтар интонациялық екпін түскенде ондағы буын санының кемдігі байқалынбайды, дауыс көтеріңкілігі алдыңғы үш тармақтағы ой-пікірді өзіне үйіріп, ой-ажарын салмақтандырып тұр. Бунақ саны 2-4-4-3-2; 3-8-3-3-2 болып келуінің астарлы сыры — ой күрделілігінің әсері, поэтикалық тіл “Жел серік”, “Жер шегіп” / тармақтың буын санына да әсер еткен. “Заманның жүгін сезініп, Асқақ арманды аласартпауға серт еткен” ақын үні әлемдік орбита партитурасын құрайды. Ақын ел, жер тарихы, халық шежіресі, теңсіздік тауқыметін көп көргендер ғұмыры, Маңғыстау аңыздары болсын, дала сыры, тарих шежіресі ақынның азаматтық үнін шырқау биікке көтереді.

Үлкен парасатты жыр иесінің кең құлашты адымы, алымды қарқыны қоғамдық жүйе болмысын поэтикалық тілмен салыстырады да, ақша үстемдігі дәуірлеген дүние сиқын, ондағы әйелдер өмірінің трагедиясын ашына отырып жырлайды, адамдар бойындағы қатыгездікті сынға алады. Өзінің



Әйелдер портретін жасау жолындағы ізденісіне орай “Дүлей” жырлар топтамасы шығыс халықтары мен Африка адамы арқылы теңсіздікті, адамдар тағдырының бұралаң да қиын соқпақтарын жырға қосып, күреске үндейді. “Бақыттының монологы немесе ақымақтарға айтылған ақылда” өмірлік мәні бар философиялық ойға жетелейді. “Ақылды ете аласың кімді бүгін...”, — деп түйюі ақымақтарға арналса да, ойлана түсуді, дұрыс-бұрысына мән беруді қалайды.

Алқызыл алаңдардан
революциялық жеңістер салтанаты,
жер шарына шашады арай нұрын,
тіршіліктің мәңгі жас арда шағы
туған күндер ақиқат алмасары —
Жер айналып тұрғанда,
жер үстінде,
революция осылай жалғасады...

Адамзат өмірінің мәңгілік ғұмырын, тіршіліктің ерен артықшылығын айнытпай таныған азамат асқақ та айбынды үнімен бостандықты жырға қосады, асқақ әуенді әні жыр жақұтына айналады. Ақын үні — планета үні, адамгершілік сыры. Ол жеке бас қызығынан гөрі адамзат өміріне тек жақсылық тілейді, мол ғұмыр тілейді, тіпті, осы жолда өз қызығын да мансұқ ете алады. Дүниетаным мәселесі ақында кең диапозонды, ауқымды, алымды. Әйелдер махаббатындағы романтиканы жас келіншек бойындағы аумалы-төкпелі мінез үлгілерін шұқшия зерттеп, соған аса мол мән беріп жүруімен үлкен әлеуметтік мәнге де ие. Осы жолдағы формалық ізденістер әр жинағын ақтарған сайын алдыңнан шығады. Әсіресе, ақынның лирикалық кейіпкері махаббаттан аузы күйіп, өксігін әлі де баса алмай, өзінің адуын оркөкірек мінезіне өкіне жүреді. Осы құбылыс динамикасы нанымды. Сондықтан да әйел бойындағы өжеттілік пен қайрат, жігер күші қандай қиыншылық болса да жасымай, кішіреймей ұлғая түсетін қасиет сыры басқаға ұқсамайтын ерекшелігімен, мінез бітісінің қызғылықтылығымен құнды. Жырдағы осы бір сезім иірімдерінің мол көрінуі өжеттік пен оттылық белгісі. Шынайы мөлдір махаббат сезімі — әйел сырының салтанатты, адамгершілік сенімі.

Махаббаттың есепке құрылуы оның романтикалық фор-

масына кереғар. Фариза романтикалық махаббатқа қол созады.

Буынымды босатып
сыбырлаған үздігіп сенің үнің,
сосын менің, тек саған жерік үнім...

Өзіндік коңіл-күйі, сыр астары сүйіспеншілікке тірелгенде ақын оның әлсуметтік мәніне көбірек ойысып жүр. Сезімге толы ой шуағы адалдық пен сенімге шақырады.

.. .Болдым да саған ғашық ойда жоқта
менде осы пайда болды байсалдылық,
“жүрек—қыз, сезім—жеңге”, “сорғалатып жүректің жасын-жақұт”, “жалт еткен сағым күнім үшін мен сені ұмыта алман!” Ор мінезді, албырт ойлы өлеңдері оқырмандар көңілінен шығып отырғаны анық.

Фариза замандастарымыздың биік адамгершілігі мен замана болмысын шыншылдықпен суреттеп жүр. Поэтикалық тіл өрнектері мен фразалық тіркестердің айтар ойыңның сезім иірімдерін ұтқыр жеткізуге әсері де жоқ емес. Өмір сүру асфальтпен жүріп өту емес: ойы да, қыры да, күнгеі мен теріскейі де, күтпеген тосын жаңалықтары да қаншама! Оқырмандарына әрдайым адалдық пен шыншылдық, кішіпейілділік пен қарапайымдылық тілеумен, өзіндік өр тұлғанды кішірейтпей, ылғи да биіктен табылуын тілейді:

Бейбіт күнге
жүкті Жер толғатады.
Қашан да ол тыншымайды:
жауыздықтар денесін шымшылайды...
Түбі шындық қалмайды тасаланып,
әділ күннің сәулесін шашары анық...

Немесе:

Менің байғұс жүрегім
сүйіктісінен бір емін
таба алмай, сонсоң жыр қуып,
жарасын күнде мұң жуып,
іздейді жырдан тірегін...

Ақын сезім қуатын үлкен ойға әкеп тірейді де, әп-сәтте



бұла көңіл серпілісін өзгеше бір формада жеткізуде адам мінезінің астарлы қыры мен сырына үңілудегі қажырлы азаматтығын айқын танытады. Оның ой биігі парасаттылыққа шақырады. Болмыс әлеміндегі болып жатқан, болып өткен істерге сын көзбен, ойлы да уытты тілмен баға беру — Фаризаға тән ерекшеліктердің бір қыры болса керек.

Ақын риторикалық сұрауға жүгінеді:

Замандасым,
жұмыр жерге қарашы:
Қасіреттен адамдар бас алды ма?!

Немесе:

Ақиқаттан бәрі де бұлтармайды,
әділетті ешкім де құрта алмайды.
Зұлымдықтың көздеген жақ-садағы.
Ұлы ерліктер уақыттан мұқалмайтын
қасіреттің өзінен басталады!


Планета төрінен барша әлемге сезім шыңын білдіруде қасірет шеккен жандарға демеу болар ой-пікір Фариза жырларында жеткілікті. Тебіренбесе, өмірге шынайы ғашық болмаса, ақын үнінен мөлдірлікті де таба алмас едік.

Қоңырқай бұлт тас түйіп қас-қабағын,
тұмшалады аспанның жақсы ажарын.
Көп жыламас адамның көз жасындай,
төгіп жатыр шелектеп тасқа зарын...

Әп-әдемі табиғат көрінісінде қаншама әсерлі ой жатыр!

Саған деген сезімім теңіз сынды:
еш адамға көрінбес төңірегі,
толқындарға батады, көміледі.
Сен осылай құртасың, қуантасың,
тек, моншақтар жыр болып өріледі —

деген ақынның дарқан көңілі мен ғашық жырлары — шығармашылығының өзегі толастамай молығып отырған күй арнасы. Сондай-ақ ақын түн көрінісін сипаттауда басқалар айта алмаған болмыс шындығына бас игізеді. Түн — ақын



үшін ерлікке алаң, күндізгі тіршілік жалғасы, адамдардың “көңілдерін көкке көсілтіп, ақ таңдарға талпындыратын”, шабыт берер мезет.


Ақтүтек /ойлардың /ақпаны/ сақ-сақ/ күледі, //
жалғыздығынан /жынданып/ кеткен / жесірдей. //
Рахатын /түннің/ тұл етіп / сонда/
мен /отырамын/ шабыттың //
сарала / сауытын/ шешінбей //...

Шабыт оты оның өмірлік кредосын айқындап, тәуелсіздік үшін күресіп жатқан “қара контингент” халықтары мұңына үн қосады. Алты, бес тармақтары жеті, сегіз буынды және еркін ұйқасты ерікті өлең мен ақ өлең формасы бұл жерде де орынды пайдаланылады. Өмірдің қай құбылысын суреттемесін, ерлік күреске үндеп, ылғи да алға, биіктерге шақырады. Әділет іздеп зынданға түскен жан “Көкжал боп өлгенім мың артық” десе, “Бұл ғасыр деген — дәуірі болған о бастан”, “Біздің даланың жігіттеріндей айбатты, тәуекелің мен мәрттігің үшін қаладым” — деуінен ақын логикасындағы тапқырлықты табамыз. Африка халқы, оның мұң-мұқтажы еркіндік пен күреске ұмтылған әйелдер тағдыры туралы толғауында том-том ырғағымен гитара әні негр қызының монологтарымен ұштасып жатады да:

Дауылды менің ғасырым!
Ұлылығына, қайсарлығыңа бас ұрам,
сендегі құйын екпінге ере алмай
жүргендер үшін ашынам... —

деп, ой түйеді.

Ақын үні прогресшіл адамзат үшін рупорлық сипат алып, күрескерлік болмыстың беріктігі мен өміршендігін мақтаныш сезіммен көтере әрлей түседі. Фариза поэзиясы әлемдік күн тәртібінде тұрған бейбітшілікті сақтау идеясымен қоян-қолтық жымдасып, соның өмірлік пафосын алдыға тартады, философиялық мәнге ие болады. “В поэзии по сравнению с другими жанрами есть преимущества музыкально-философской оконцентрированности” (Е.Евтушенко) деген ойдың



Фариза шығармаларына да тікелей қатысы бар және ақын шығармаларының негізгі құндылығы да осында.

Қазіргі қазақ поэзиясының ілгері дамуындағы поэтикалық ерекшеліктері ойды тегеурінді, әсерлі жеткізудің жолында өлең құрылысының да сапалық өзгерістерге түсуіне мол жағдай жасауда. Ол алымдылығы мен ауқымдылығы гекзаметрмен (әр тармақта, он — он бес буын саны т.б.) жазуға әкеліп отыр. Гекзаметрлік формада шумақ мазмұны бес — жеті, тіпті, он бес тармақтан да құрылып, күрделі ой астары үздіксіз даму үстінде жеткізілуде. Бұл өзгеріс — сапа поэзиямыздың да даму сырын аңғартар жәйттердің бірі болса керек.

Мәдениетті, ойлы оқырман үшін әлемдік мәні зор, поэтикалық әсері әрқашан мөлдір Фариза Оңғарсынова жырларының берері мол. Ақынның қиялындағы кейіпкер және нақты оқырманы елес қана емес, нақ қазір қасымызда жүрген парасат иесі, интеллектуалды жан. Поэзиядағы өзара байланыс-ықпал әсері бізде ерікті және ақ өлең формаларының енуіне жағдай туғызады. Соның ұзын-ырғасы қазақ топырағында орбу тауып, силлабо-тоникалық және тоникалық формада өркен жайды. Бұл салада өнімді еңбектенушілер қатарындағы Фариза шығармалары — бүтіндей өскен мәдениетіміз бен әдебиетіміздің нәтижелі көрінісі. Бай мұраны жете игеру — орыс поэзиясы арқылы әлемдік әдебиеттегі бай тәжірибені шеберлікпен меңгеру жемісі. Оқу, үйрену мектебінен өткен ақын бүгінгі таңда өзіндік ерекшелігін қалыптастырып, бас-қаға ұқсамай жырлап келе жатуының, міне, осындай мәні бар.

Алда, әлі де талай асулар түр күтіп...

1988.



Ғабит Мүсіреповке

Қайда жүр екен жарқын жыр
шашатын шаттық шапағын?
Шаршаған дала, салқын қыр —
жайрандағанға жат әнім.

Жүректен шыққан жолдардан
жанымның жасы тұр тамып.
Тайпалып жортқан жорға арман
кеткендей менен бұлтарып.

Қуайын жанның түн-мұңын
еңкейе бермей еңсем құр.
Онсыз да жетпей жүр бүгін
найзағай жарқыл семсер жыр.

Сыландап күлсе жыр-жеңге,
жылжиды жырақ мұң-желек.
Қайсарлық қажып жүргенде,
от құяр өлең тым керек.

Қонайын тарпаң тарланға,
жалтылдап тұрман, жез шылбыр!
Өлең ұқпайтын жандар да,
күдіретін жырдың сезсін бір!

Сыздамын бірақ, қоныс — түн,
тауысқам отты мен кеше.
Маңымда сәуле жоқ ұшқын,
найзағайын аспан бермесе!



Өзімді-өзім қайраумен, тістенумен,
қуат сорып ұшқын ап іштегі үннен,
табанымнан тілінген шөңге жұлып,
сәйгүлік-күшке мінгем.


Тынымымды түндерде қамшыладым,
қыл бұраумен шыңғырттым жан шыдамын.
Жығылғанға жүгірдім елеместен
жүрегім шаншығанын.

Жаны кірсіз, жас қиял — бұла халық,
көрсетсем деп соларға бір ағалық,
өнер-құздың мұнарсыз биігіне
бастадым шырақ алып.

Жүрегімді-жырымды алау қылып,
тартынбадым қалғанша шамам құрып.
Жараспады жолымыз жандарменен
дауылда қалар бұғып.

Шатқал шыңның қауіпті-ақ от кемері,
сын сапарым жат қылды көпке мені!
Дақпырттарға бас бұрмай арт жағымда
аз ғана топ келеді.

Көз жасыммен алмасып күлкім, демім,
бұрқақ жолмен жүруден іркілмедім.
Түбі әйтеуір, мәңгілік бір күнгейге
жетуім мүмкін менің.



Дұшпан күліп — ісім жоқ — дос қорынған,
жырда жолым болмаса — өз сорымнан.
Қол соғуды күтпеймін дақпырт десе
елендейтін ойы өткел бос тобырдан.

Құбылса да сынаптай атырап мың,
желпініске, жарқылға заты жатпын,
қасиетінді ұға алмас кейбіреудің
бабын табу — ісі ғой ақымақтың.

Күн — орнында, көмгенмен бұлт тасаға,
жете бермес тереңге жұртта шама.
Дабырларға дуылдап қол соғады
ештеңені байыппен ұқпаса да.

Ұқпаса да:
жер мен көк жалғасқанда,
биігірек қайсысы — тау ма, аспан ба.
Ұқпаса да жеңістің иесі кім —
қорғанған ба, жағаға жармасқан ба?

Көрінгенге жағу ма құрмет деген,
қайырлай ма онысыз жүрдек кемем?
Жерді басып жүргеннің барлығына
түсінікті болуға міндетті емен.

Мені шолжандатпады өмір ерек,
түскенім жоқ даңқтың төріне кеп.
Қайыспас қос сызықтай, қашаннан да
дақпырт пенен өнердің жолы бөлек.